



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 3 тамыз
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *543*
город Астана

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын корпоративтік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 398 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 70-тармағына сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын корпоративтік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 398 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1-тармақтың 23) тармақшасы алып тасталсын;
2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

3) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

4) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

5) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

6) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

7) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

8) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

9) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

10) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

11) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

12) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

13) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

14) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

15) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

16) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

17) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

18) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

19) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

20) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

21) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

22) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қарағанды индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

23) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

24) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

25) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

26) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының

корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

27) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін;

28) көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтыру енгізілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

3. Инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі**



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
2024 жылғы «___» _____
№ ___ бұйрығына
17-қосымша

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару
кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 398 бұйрығымен бекітілген «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 41-тармағы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«41. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін кандидаттардың құзыреттері, дағдылары, жетістіктері, іскерлік беделі және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Қоғамның тәуелсіз директорларын іріктеу осы Кодекске қосымшаға сәйкес тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған және директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда соңғысының өкілеттіктері жалпы директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталған кезде бір мезгілде аяқталады.»;

2) 50-тармағы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«50. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар бар және олар қатысады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде алты адамнан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және Жалғыз акционерге, Қоғамға және мүдделі тұлғаларға әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін тәуелсіз директорлардың саны кемінде үшеу болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды. Директорлар кеңесінің құрамы гендерлік тепе-теңдікті сақтауы керек.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіретін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе

Қоғаммен, оның басқармасымен немесе оның меншігімен қарым-қатынастардан тәуелсіз болып табылады.

Жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзгеде мүдделі тараптардың ықпалынан еркін, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилікке және дербестікке ие адам тәуелсіз директор болып танылады.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінен айырылу ықтималдығын қадағалайды және мұндай жағдайлар болса, директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне ықпал ететін мән-жайлар болса, директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар

1) Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлану үшін кандидат;
2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директор анықтамасына сай болуы.

3) Ұсынылған ақпаратты талдап объективті бағалай білу және заңдылық, әділеттілік және барлық акционерлерге тең көзқарас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз ұстаным қалыптастыра білу. Өз пікірін білдіру және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау қабілетіне ие болу.

4) Корпоративтік басқару және орнықты даму қағидаттарын білу.

5) Іскерлік және (немесе) салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие болу. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері болмауы тиіс.

6) Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес, Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін де Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу үшін жеткілікті уақытының болуы.

7) Тәуелсіздікті растау рәсімін жыл сайын жүзеге асыру және тәуелсіз директор мәртебесін жоғалтқан жағдайда Қоғамды хабардар ету.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, жасалуына қатысты мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға да белсенді түрде қатысады. Тәуелсіз директорлар стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, аудит, қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер жөніндегі Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып сайланады.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінен айырылу ықтималдығын қадағалайды және мұндай жағдайлар болса, директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне ықпал ететін мән-жайлар болса, директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді.»;

3) 59-тармағы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«59. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесінің, комитеттердің отырыстарына әрбір қатысқаны үшін белгіленген сыйақы төленеді, оның ішінде:

- Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына қатысқаны үшін – 1,5 ЕТЖ;
- комитетке, сондай-ақ сырттай отырысқа қатысқаны үшін және жазбаша пікір ұсынғаны үшін – 0,75 ЕТЖ.
- комитетте төрағалығы үшін – 1 ЕТЖ.

Қоғамның атқарушы органының ұсынуы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасына Жалғыз акционердің шешімі негізінде сыйақының өзге де мөлшері төленуі мүмкін.

Бұл ретте мемлекеттік және азаматтық қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.»;

4) Корпоративтік басқару кодексі осы өзгерістер мен толықтыруға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан - Турганшев Т.

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының корпоративтік басқару
кодексіне енгізілетін өзгерістерге
қосымша**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының корпоративтік басқару
кодексіне қосымша

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің
тәуелсіз директорларын сайлау тәртібі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына іріктеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) тәуелсіз директорларды директорлар кеңесінің құрамына (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) сайлау рәсімі кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

**2-тарау. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының
кандидаттарына қойылатын талаптар**

2. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына конкурстық іріктеу мынадай талаптардың біріне сай келетін кандидаттарды іздеу мақсатында жүргізіледі:

1) білім саласы немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында басшы лауазымда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) білім саласы және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүше болуы.

3. Осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болып табылатын тұлғалар (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайын қоспағанда) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылатын тұлға; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары - ұйымдарының лауазымды адамдарына бағыныстылыққа байланысты және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылыққа байланысты; мемлекеттік қызметші; осы акционерлік қоғам органдарының органдарының отырыстарында және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылатын тұлға; осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатысқан және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатысқан болып табылатын тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып сайланбайды.

3-тарау. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау конкурстық іріктеу (бұдан әрі – Іріктеу) негізінде жүзеге асырылады.

5. Іріктеу келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) тұрақты жұмыс істейтін Іріктеу комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады және Министрлік қызметкерлерінің арасынан Комиссия төрағасын тағайындайды;

2) күні мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеуді өткізу туралы хабарландыру жарияланады;

3) кандидаттардың өтініштері салынған конверттерді жинау;

4) Комиссия кандидаттардың өтініштері салынған конверттерді ашады және кандидаттар құжаттарының осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкестігін зерттейді;

5) кандидаттармен әңгімелесу өткізу;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде Іріктеуге қатысушыны¹ (ларды) тағайындау туралы Комиссияның ұсынымы;

7) Іріктеуді ұйымдастыру мен өткізуді Комиссия жүзеге асырады;

8) Комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауға тиіс. Қажетті ең аз іріктеу кворумы Комиссия мүшелері санының кемінде 60%-ын құрауы тиіс.

Министрлік басшысының бірінші орынбасарынан немесе аппарат басшысынан төмен емес лауазымдағы адам Комиссия төрағасы болып табылады.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

6. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

¹ Қатысушы – Іріктеуге қатысуға өтініш ұсынған Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесіне кандидат

1) Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) Іріктеуге қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді

3) қатысушыны бағалау нәтижелері бойынша Комиссия оны сайлауға ұсыну, оның кандидатурасын қабылдау туралы шешім қабылдайды.

7. Іріктеу өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) Іріктеу өткізілетін күні, уақыты және орны (конверттерді ашу);

2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген қоғамның атауы;

3) кандидаттарға қойылатын талаптар;

4) Іріктеуге қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі;

5) Іріктеуге қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

6) құжаттарды қабылдаудың басталу күні.

Іріктеуге қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады.

Құжаттарды қабылдау Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң аяқталады. Ерекше жағдайларда құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік 5 күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

8. Іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысу туралы өтініш;

2) кандидаттың түйіндемесі;

3) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі; бар болған жағдайда жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжат;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) білім және (немесе) экономика және (немесе) кәсіпкерлік және (немесе) құқық (бар болса) саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігін растайтын құжаттар;

7) осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған кандидат туралы мәліметтер.

8) корпоративтік басқару тәжірибесін растайтын құжаттар (бар болса).

Іріктеуге қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

9. Іріктеуге қатысушы (кандидат) өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгілеп, конвертке салып мөрлейді.

Бұл конвертте қатысушының (кандидаттың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша Министрлікке жіберілуі тиіс;

2) «Ұйымның атауы көрсетіледі» КеАҚ директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының іріктеуі және «_____ дейін ашпаңыз» деген сөздер болуы тиіс (Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған хабарландыруда көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты).

10. Өтінім хабарландыруда көрсетілген мекенжайға жіберіледі.

11. Комиссия төрағасы Іріктеу өткізу туралы ақпаратқа сәйкес көрсетілген уақытта және жерде ұсынылған өтінімдер салынған конверттің түпнұсқасын ашады.

12. Өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімінен кейін Комиссия хатшысы ашу хаттамасын жасайды, оған оның мүшелері мен хатшысы қол қояды.

13. Егер Іріктеуге қатысуға Талаптарға сәйкес келетін кемінде екі қатысушы өтінім берсе не өтінімдер түспесе немесе кері қайтарылса, онда Комиссия Іріктеуді өтпеді деп таниды және қайта Іріктеуді жүргізу туралы шешім қабылдайды.

14. Комиссия өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қатысушы ұсынған құжаттарды қарайды және оның қойылатын талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

15. Комиссия өткізген бағалау нәтижелері бойынша талаптарға сәйкес келетін қатысушылар әңгімелесу күнін, уақыты мен орнын көрсете отырып, электрондық пошта арқылы әңгімелесуге шақырылады.

16. Комиссия Іріктеуге қатысушылармен (кандидаттармен) әңгімелесу өткізу кезінде «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қоғам қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және білім беру ұйымы қызметінің ерекшелігін білуі тексеріледі.

Іріктеуге қатысатын және әңгімелесуге жіберілген қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда техникалық байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

17. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелері жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия қабылдаған шешім хаттамамен рәсімделеді, оған әңгімелесуге қатысқан Комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жүргізетін хатшы қол қояды.

18. Іріктеу жүргізудің жалпы мерзімі оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан аспайды.

19. Комиссия Іріктеуді өтпеді деп тану туралы шешімді, егер:

1) құжаттар ұсынылмаған не кері қайтарылған немесе егер Іріктеуге қатысуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін кемінде екі қатысушыдан кем өтінім ұсынылған болса;

2) Іріктеуге қатысушылардың құжаттарын қарау нәтижесінде әңгімелесуге жіберілген қатысушы анықталмаса не Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде сайлау үшін ұсыным алған қатысушы анықталмаса қабылдайды.

20. Егер Комиссия Іріктеуді өтпеді деп таныса, Министрлік қайта Іріктеу өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

21. Комиссия отырысы хаттамасының негізінде Министрлік Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін тәуелсіз директорлар ретінде Комиссия ұсынған қатысушылармен сайлау туралы шешімнің жобасын келісу үшін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамның директорлар кеңесінің
тәуелсіз директорларын сайлау
тәртібіне
1-қосымша

Нысан

Өтініш

Мен осымен «_____» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға келісім беретінімді растаймын. Сондай-ақ, мен көрсетілген «_____» КеАҚ-қа үлестес тұлға емес екенімді және соңғы үш жыл ішінде үлестес тұлға болмағанымды, көрсетілген «_____» КеАҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтынымды және олардың лауазымды адамдарына – «_____» КеАҚ үлестес тұлғаларына бағынуға байланысты емес екенімді; мемлекеттік қызметкер емес екенімді; осы «_____» КеАҚ органдарының отырыстарында және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылатын тұлға емес екенімді; осы «_____» КеАҚ аудиторы емес екенімді және соңғы үш жыл ішінде аудитор болмағанымды, «_____» КеАҚ аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспағанымды және соңғы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспағанымды растаймын.

_____ ҚОЛЫ

_____ Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Күні

« _____ » _____ 202 _____ ж.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамның директорлар кеңесінің
тәуелсіз директорларын сайлау
тәртібіне
2-қосымша

Нысан

Кандидаттың суреті

« _____ » КеАҚ
директорлар кеңесінің тәуелсіз директорына кандидат
туралы мәліметтер

1. Жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(жеке куәлікке (төлқұжатқа) толықтай сәйкес етіп жазылады, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген жағдайда қашан және қандай себеппен өзгергені көрсетіледі)
Туған күні мен туылған жері	
Тұрақты мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық поштасы	(толық мекенжайы, елді мекен кодын қосқанда қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық поштасы көрсетіледі)
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	

2. Үлестес туралы мәліметтер:

Жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, әпке-қарындасы, балалары), сондай-ақ туыстары (ағасы, әпкесі, ата-анасы, жұбайының балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Туыстық қарым- қатынасы	Жұмыс орны және қызметі
---	----------------------------	--------------------------	----------------------------	----------------------------

	(болған жағдайда)			
1.				
2.				
3.				

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу:

№	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Қатысу бағасы және үлесі
1.			
2.			
3.			

3. Кәсіби деректер:

Білімі, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіптік білімі	(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімшенің атауы және орналасқан орны, оқу кезеңі, берілген біліктілік, білім туралы дипломның деректері көрсетіледі)
Қосымша білім, оның ішінде жұмыс істейтін саласына қатысты біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, ғылыми дәрежесі	(оқу орнының атауы және орналасқан орны, оқу кезеңі, білім туралы дипломның, сертификаттың, куәліктің деректері көрсетіледі)
Директорлар кеңесінің/Байқау кеңесінің құрамында жұмыс істеу тәжірибесі	
Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі ретіндегі жұмысына уақыт бөлу мүмкіндігі	
Жетістіктері	(осы мәселе бойынша ақпарат көрсетіледі, мысалы, ғылыми мақалалардың атаулары, ғылыми

	жобаларға, заң жобаларын әзірлеуге қатысуы және тағы басқа)
Қоғамдық ұйымдардағы мүшелік	(осы мәселе бойынша ақпарат көрсетіледі, мысалы, аудиторлар, актуарилер палатасы және тағы басқа)
Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат	(үміткердің кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)
Сот шешімі бойынша сіз әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылдыңыз ба, қашан және не үшін	
Сіз белгілі бір мерзім ішінде, қашан және не үшін мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылдыңыз ба	
Шетелде оқу немесе жұмыс істеу Болу елі Болу уақыты Оқу немесе жұмыс орны	

_____ (ҚОЛЫ)

Күні

« _____ » _____ 202__ ж.

Согласовано

27.11.2024 17:00 Шахман Олжас Жумағалиевич
 27.11.2024 17:01 Токтыбаев Ернар Дүйсенбекович
 27.11.2024 17:02 Жусупов Арман Нуртаевич
 27.11.2024 17:06 Зейнулла Айдын Зейнуллаұлы
 27.11.2024 17:23 Алигожин Бекет Кабиденевич
 27.11.2024 17:26 Сейтак Саруар Муратовна
 28.11.2024 18:18 Қожахмет Мадияр Дүйсенбайұлы

Подписано

03.12.2024 16:46 Нурбек Саясат



Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан - Турганалиев Г.Г.